

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 411 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 қыркүйектегі N 932 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 13 сәуірдегі N 411 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 17, 213-құжат) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

2-тармақтағы "20 қаңтар және 20 шілде" деген сөздер "1 қаңтар және 1 шілде" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "1 ақпан және 1 тамыз" деген сөздер "10 қаңтар және 10 шілде" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Бағдарламаның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.С. Әйтімоваға жүктелсін";

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасында :

"Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2004-2005 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 8-бөлімде:

реттік нөмірі 22-жолда:

2-бағанындағы "ШЫҰ" аббревиатурасы "ТМД" аббревиатурасымен ауыстырылсын;

4-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"ІІМ, СІМ, КБА, ЭСЖҚА, БП (келісім бойынша), ҰҚК (келісім бойынша)";

5-бағанындағы "мамыр" деген сөз "қараша" деген сөзбен ауыстырылсын; реттік нөмірі 26-жолдағы 5-бағанда "шілде" деген сөз "қараша" деген сөзбен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК